

## КПО-дағы жаңа тағайындаулар



КПО компаниясы Техника қауіпсіздігі корпоративті бөлімінің менеджері қызметіне Гүлнар Даулованың және қоршаған ортаны қорғау қызметінің менеджері болып Руслан Мұқанғалиевтың тағайындалғанын қуана хабарлайды.

Гүлнар Даулова мен Руслан Мұқанғалиев КПО компаниясында көптен жұмыс жасайды және осы уақыт ішінде өздерін жауапты, әрі өз ісіне берілген қызметкер ретінде көрсете білді.

Қазіргі таңда бірқатар талантты жергілікті қызметкерлер КПО-да жоғары қызметтерде отырғанын атап айтуға болады.

Жұмыс күшін ұлттық кадрлар

есебінен толықтыру КПО-ның экономикалық мұра жасаудағы шешуші құрылыс блоктарының бірі болып табылады. Осылайша компания Жобада жергілікті қызметкерлер санын арттырып, Қазақстанда жаңа жұмыс орындарын ашу капиталына инвестиция салып отыр деуге болады.

2009 жылы КПО-ның басшылық қызметінде 24 орынға жергілікті қызметкерлер тағайындалды. 2009 жылдың аяғында жергілікті кадрлар компанияның кәсіби және кеңсе қызметінің барлық қызмет орындарын иеленсе, басшылық орындар мен мамандар қызметінің

87% ие болды. Бұдан басқа басқарушылық лауазымдардың (менеджерлердің) 49% жергілікті кадрлардан.

Сонымен бірге КПО қоршаған ортаны қорғау менеджері қызметіне Джузеппе Мариноның келгенін қуанышпен хабарлайды. Бұдан бұрын бұл қызметті бірнеше жыл бойына Луис Джейкобс табысты, әрі кәсіби атқарып келген болатын.

«Новости Карачаганака» газеті де Гүлнар Даулова мен Руслан Мұқанғалиевты және Джузеппе Мариноны жаңа қызметтеріне байланысты қызу құттықтайды.



## Кен Линч КПО-ның еңбек ресурстарының жаңа басқарушысы болып тағайындалды

Кен Линч мырза жақында КПО компаниясының еңбек ресурстары департаментінің басшысы қызметіне тағайындалды. Бұған дейін ол қызметті Джеймс Кларк мырза атқарған болатын. Ол өз қызметінде департаментті бірнеше жылдар бойына табысты, әрі кәсіби басқара білді.

КПО-дағы жаңа қызметіне дейін Кен 24 жыл бойына «Би Жи Групп» компаниясында жұмыс жасап, еңбек ресурстары саласында бай тәжірибе жинақтаған. Оның осы тәжірибесі жаңа жұмыс орнында зор көмек болатыны сөзсіз. Кеннің Қазақстанмен 1997 жылдан бастап, яғни Өнімді бөлісу жөніндегі Негізгі келісім (ӨБНК)



қол қойылғаннан бері көп жылдар бойы тығыз байланыста болып келгенін атап айтқан жөн.

«Новости Карачаганака» газеті және КПО-ның бүкіл ұжымы Кенді жаңа қызметімен құттықтайды, оған барлық жақсылықтарды тілейді.

## Қазақстандық қызметкерлер мен олардың балалары үшін 2010 жылғы гранттар

КПО-ның еңбек ресурстары бөлімі жақында КПО компаниясында жұмыс жасайтын қазақстандық қызметкерлер мен олардың балаларына арналған 2010 ж. кезекті гранттар туралы жария етті.

Бұл бағдарлама КПО қызметкерлерінің кәсіби әлеуеттілігін дамытуға, лайықты ұлттық кадрлардың білімдері мен кәсіби дағдыларын арттыруға, сөйтіп болашақта оларды басшы қызметке даярлауға арналған.

КПО-ның гранттар бағдарламасы жылына 40 грантты қамтиды. Жыл сайын КПО-ның қызметкерлері үшін 15 грант, олардың балалары үшін 25 грант бөлінеді.

Бағдарламаға қатысу үшін өтініш беру уақыты 2010 жылғы шілденің 1 мен 31 аралығы. Өтініш пен құжаттарды КПО-ның еңбек ресурстары бөлімінің координаторы қабылдайды.

# КПО «Сандық жел-2010» байқауына демеушілік көрсетті

Жақында Орал қаласында Қазақстан бойынша тұңғыш рет балалардың, жасөспірімдер мен студент жастардың «Сандық жел-2010» атты компьютерлік жұмыстарының байқауы өтті. Оны ұйымдастырушылар Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті мен АРТЕСН компьютерлік технологиялардың Халықаралық ғылыми ағарту орталығы.

Тұңғыш өткен республикалық «Сандық жел-2010» байқауына Қарашығанақ мұнай-газконденсатты кен орнының негізгі игерушісі КПО компаниясы бас демеуші болды.

Компьютерлік жұмыстардың «Сандық жел-2010» тұңғыш республикалық байқауы Халықаралық «Сандық жел-2010» байқауының аймақтық туры болып табылады. Бұл байқауды 2002 жылдан бастап жыл сайын Саратов мемлекеттік техникалық университеті Халықаралық Artech World Wide (Индия) корпорациясы мен ресейлік озық «IT Софтлайн» компаниясымен бірлесе отырып өткізіп келеді.

Байқаудың басты мақсаты – ақпараттық және компьютерлік технология саласындағы шығармашылық қызығушылықты арттыру; қатысушылардың интернет технологияда және компьютерлік графикада жұмыс дағдыларын игеруі; интернет-қосымша және компьютерлік мультипликация құрастыру үшін заманауи бағдарламалық ресурстарды оқып-үйрену;

«Сандық жел-2010» байқауы Қазақстанда тұңғыш рет өткізілгеніне қарамастан біздің



республикамыз бойынша байқауға 7 қаладан 231 жұмыс тіркелген. Атап айтқанда, Орал, Алматы, Семей, Ақсай, Теміртау, Тараз, Атырау қалаларынан. «Сандық жел-2010» тұңғыш республикалық байқауының қорытындысын шығару үшін құрамында компьютерлік технология саласының кәсіби мамандары бар Эксперттік Кеңес құрылды. Балалардың, жасөспірімдер мен студент жастардың «Сандық жел-2010» атты компьютерлік жұмыстарының

тұңғыш республикалық байқауы жеңімпаздарын салтанатты түрде марапаттау рәсімі 2010 жылдың 15 сәуірінде Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің мерекегедей безендірілген мәжіліс залында өтті. Байқау жеңімпаздарын салтанатты түрде марапаттау рәсімін Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің ректоры, профессор Қадырғалиев Нұрболат Меңдіғалиевич ашып: «Компьютерлік технология саласында нағыз кәсіби ма-

ман болғысы келетіндер үшін біздің университетте 5 жылдан бері АРТЕСН компьютерлік технологиялардың Халықаралық ғылыми ағарту орталығы жұмыс жасайды. Осы уақыт ішінде 500-ден астам халықаралық дипломдар мен сертификаттар алынды. АРТЕСН түлектеріне еңбек нарығында сұраныс бар, бәсекеге қабілетті, ертеңгі күнге деген сенімдері мол. Биылғы жылы АРТЕСН Орал орталығы «Компьютерлік технологияны оқытып-үйретуде ең үздік

орталық» аталымы бойынша «Оқытудың жоғары сапасынан» «Халықтық ілтипат» жобасының жеңімпазы болып танылды», - деп атап айтты.

Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің ғылыми жұмыстар бойынша проректоры, профессор Бұрахта Вера Алексеевна былай деп атап көрсетті: «Инновациялар мен ақпараттық технологиялар ғасыры – ХХІ ғасырда жас толқынға шығармашылық әлеуеттілігін дамыту, өз идеяларын өмірге енгізе білу аса маңызды. Жыл сайын біздің университеттің студенттері мен АРТЕСН орталығының тыңдаушылары ғылым мен білім саласында бізбен тығыз байланыстағы Саратов мемлекеттік техникалық университеті өткізетін «Сандық жел» атты компьютерлік жұмыстардың Халықаралық байқауына қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Және біздің университетке биыл «Сандық жел-2010» тұңғыш республикалық байқауын өткізу құрметі көрсетілгенін мақтаным етеміз».

Байқаудың бас демеушісі КПО компаниясының өкілі Ақмарал Адилова былай деді: «Мен осы мерекеге қатысқанымна қуаныштымын. Біздің компаниямыз әуақытта да шын мәніндегі білімге ұмтылған талантты жастарға қолдау көрсетіп отырады. Мен байқаудың қатысушылары мен жеңімпаздары өздерінің кәсіби өсу жолында үлкен перспективаларға қол жеткізетініне сенімдімін».



## Басты мақсат – Экспорттық тұрба желісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Мамыр айының 18-22 аралығындағы үш күн бойы КПО-ның тұрғындарды қорғау тобының мүшелері (Ващук Геннадий, Ерманов Рамазан, Ахметов Ерік, сол сияқты КПО-ның қоғамдық ұйымдармен байланыс бөлімінің маманы Құрманғали Мереке, КПО-ның қауіпсіздік қызметінің супервайзерлері Мурзағалиев Б., Насырбеков О., Бимаков С.) Қарашығанақ - Үлкен Шаған – Атырау экспорттық тұрба желісі бойында орналасқан елді мекендердің тұрғындарымен кездесу өткізіп, бірқатар түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Олардың елді мекендерге барғандағы басты мақсаттары Қарашығанақ - Үлкен Шаған – Атырау экспорттық тұрба желісі бойында орналасқан елді мекендердің тұрғындарына бұл тұрба желісінің КПО компаниясы үшін ғана емес, бүкіл Қазақстан Республикасы үшін де стратегиялық маңызы бар екендігін түсіндіру. Сол сияқты осынау стратегиялық маңызды нысанды пайдалануға беру барысында компанияның жүргізіп отырған қауіпсіздік шаралары туралы ауыл тұрғындарына жеткізудің маңызы зор. КПО қызметкерлері Экспорттық тұрба желісі бойында орналасқан елді мекендердің барлық тұрғындарына тұрба желісіне рұқсат етілместен қосылуды байқаған бойда хабарлау-

ды өтінді, өйткені бұл тұрба желісінің ғана емес, сол ауыл тұрғындарының да қауіпсіздігін кепілі.

Олар Теректі ауданының әкімдігінде, аудан орталығы Федоровка селосында КПО қызметкерлері аудан әкімінің орынбасары А.Ж. Қадыровпен, аудан әкімінің АҚ және ТЖ бөлімінің бас маманы Г.К. Қатабаевпен кездесті. Кездесу барысында КПО қызметкерлері оларды сапар мақсаты жайлы, КПО компаниясының Қазақстандағы алдыңғы қатарлы шетелдік компания есебіндегі қызметі туралы, Қарашығанақ - Үлкен Шаған – Атырау Экспорттық тұрба желісінің орны мен маңызы жөнінде ақпарат берді. Әсіресе аталған аумақта жерге қатысты жұмыстардың жүргізілмеуіне және тұрба желісінде мүмкін болатын зақым келгендегі алғашқы белгілер және оның зияны, сол сияқты тұрба желісіндегі апатты жағдайды бірінші байқаған адамның не істеуі қажеттігіне ерекше назар аударылды. Осы ауданның аумағында болған тұрба желісіне заңсыз қосылулар туралы айтып, естеріне салды. Кездесуге қатысушыларға түсіндіріліп, аудан әкімдіктері мен елді мекендердің өзара байланыс, Экспорттық тұрба желісінде апатты жағдай орын алғанда КПО-мен байланыс сұлбасын ұсынды.

Жалпы Теректі ауданы бойынша 336 адамның қатысуымен 5 елді мекен қамтылды.

Орал қаласында КПО-ның делегациясы Орал қалалық АҚ және ТЖ басқармасы бастығының орынбасары полковник З.А. Бердәшев және Орал қалалық АҚ және ТЖ бөлімінің бас маманы М.Б. Махметовпен кездесті, сонымен бірге олар сапар мақсаты жайлы, КПО компаниясы туралы, Қарашығанақ - Үлкен Шаған – Атырау Экспорттық тұрба желісінің орны мен маңызы жөнінде ақпарат берді.

Бұдан басқа бұл топ Серебряково мен Круглоозерное селоларына барды. Мектептерде болып, оқушылармен, мұғалімдермен кездесті. Олар барлығы Орал қаласына қарасты 2 селоға барып, 63 адаммен кездескен.

Осы топ Батыс Қазақстан облысының Зеленов ауданы бойынша 5 селоға барып, 313 адаммен кездескен. Ал Ақжайық ауданы бойынша 13 селода болып, кездесулерге 708 адам қатысқан. Елді мекендерге барғанда топ мүшелері аудан орталығының, селолық округтердің лауазым иелерімен, педагогикалық ұжымдармен және мектеп оқушыларымен, ауыл тұрғындарымен кездесті.

Осынау түсіндіру жұмыстары кезінде БҚО бойынша 25 елді мекені, 1422 адам қамтылған.



## КПО қатысқан концерт

КПО-ның еңбекті қорғау, денсаулық, техника қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бөлімі қызметкерлерінің бастамасымен 1 маусым күні Ақсай қаласының қалалық саябағында халықаралық балаларды қорғау күніне арналған концерт өтті.

Мереке кезінде балалардың өнер мектебінің шығармашылық ұжымдары, сонымен бірге балалардың би топтары өнер көрсетті. КПО қызметкерлерінің айтуына қарағанда осы мерекеге келгендердің барлығы да риза болып тараған, өйткені, мереке әрі өңілді, әрі қызықты өткен. Ал ең бастысы, бүлдіршіндердің барлығы да КПО-ның сыйлықтарына ие болған.

Мерекелік концерт кезінде жол қозғалысы ережелеріне арналған байқау өткізілді. Жеңімпаздарға КПО компаниясының атынан арнайы сыйлықтар табыс етілді.

Мерекелік концерт қызыл шарлар мен жол қозғалысы ережелеріне еске салатын ескерткіш сыйлықтар үлестірумен аяқталды.

КПО-ның еңбекті қорғау, денсаулық, техника қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бөлімі қызметкерлерінің Ақсай қаласының балалары үшін халықаралық балаларды қорғау күніне арнап мерекелік концерт қоюы Ақсайдың барша балаларымен бірге КПО қызметкерлерінің өзі де асыға күтіп жүретін игі дәстүрге айналғанын атап айтқымыз келеді.



## Шипажайда демалу

КПО Б.В. компаниясы өзінің әлеуметтік саясаты шеңберінде биыл алтыншы жыл қатарынан Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан селолық округтер тұрғындарына «Ақжайық» санаторийіне тегін жолдама беріп келеді. Мамыр айының 9 күні Жарсуат селолық округінің 20 тұрғыны демалысқа жүріп кетті. Оларды санаторийде Жеңіс күніне арналған мерекелік дастархан күтіп тұрды.

«Ақжайық» санаторийі - Жайық өзенінің әсем жағалауында орналасқан Қазақстандағы ең жақсы демалыс орындарының бірі. Мұнда жүрек-қан тамырлары жүйесін, тірек-қозғалыс аппаратының озғылмалы ауруларын, орталық жүйке жүйесінің бұзылуын емдейді, арнайы диагностикалық кабинет жұмыс жасайды.

Демалушылардың бос уақытын қалағанынша өткізуге мүмкіндігі бар: клуб, кітапхана, бильярд және тренажер залдары жұмыс істейді. Сол күні демалыстан қайтқан Березов селолық округінің тұрғындары санаторий өте ұнағанын айтты. Олардың көпшілігі бұл демалыс орнында бұрын да болған және тағы барып демалуға қарсы да емес. Ауа таза, көңіл-күй көтеріңкі, сервис пен қызмет көрсету көңілге қонымды. Көпшілігі мұнда белсенді демалады. Кеш сайын клубқа би билеуге жиналады, көркемөнерпаздар концертін ұйымдастырады.

КПО компаниясының тұрғындармен жұмыс бөлімінің маманы Ақмарал Адилова: «Биыл біз 200 жолдама сатып алдық, оның 40-ы мұғалімдерге берілді. Бұл жобаның мақсаты – зейнеткерлер мен мұғалімдердің лайықты демалысын қамтамасыз ету және денсаулықтарын жақсартуға мүмкіндік беру. Сол сияқты біз «Талап» сауықтыру лагеріне де аз қамтылған отбасылардың балалары мен оқу үздіктері үшін жолдамалар бөліп отырамыз».

Жарсуат және Березов селолық округінің тұрғындары КПО компаниясына «Ақжайық» санаторийінде демалуға жасаған мүмкіндіктері үшін алғыс айтады.

## Қауіпсіз жолдың суреттері

Батыс Қазақстан облысының автокөлік жолдарын қауіпсіз деп айту қиын. Сондықтан жол-көлік апаттарының алдын-алу маңызды шаралардың бірі болып саналады. «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы бірнеше жылдан бері жолдарды барынша қауіпсіздендіруге бағыттайтын кең көлемді акция жүргізіп келеді.

жол қозғалысы ережесін жақсы білуі қажет және жолдан өтерде мұқият болғандары жөн дегенді айтқым келді. Олар өз өмірлері туралы ойлаулары керек», – деді Қансұлу.

КПО-ның сервистік директорының техника қауіпсіздігі бойынша менеджері Питер Джойстың сөзі бойынша тақырыптық оқу-үйрету сабақтары

байқауына көптеген жұмыстар қабылданды. Бұл жерде балалар сурет тақырыбын өздері ойлап табады, ең бастысы олар Ақсай тұрғындарына арналған жол қауіпсіздігін басты назарға алады.

Биылғы жылы байқауға 100-ден астам еңбек таңдап алынды. Егер алдын ала өткізілген турды қоса есептесек, жолдарда қауіпсіз жүру ережесін оқып-үйрену орбитасына Бөрлі ауданының мыңдаған баласы тартылып отыр. Жүлдеге іліккен суреттер көп ұзамай Батыс Қазақстанның автокөлік жолдарының бойында билборд болып ілулі тұратын болады.

Егер біз жүретін жолымыз қауіпті аймаққа айналмасын десек, қауіпсіз қозғалыс қалыпты жағдай саналып, ал балалардың жүріс-тұрысы жол қозғалысы ережелеріне сай болсын десек, оны міндетті түрде орындап отыруымыз керек. Өйткені жол қозғалысына жүргізушілермен бірге жаяу жүргіншілер де қатысатынын ескеруіміз қажет. Өрбір мекеме жол қозғалысы қауіпсіздігін жақсарту жөніндегі КПО-ның бастамасына қолдау көрсетіп, адамдардың денсаулығы мен өміріне деген жеке жауапкершіліктерін көрсетсе, біздің жолдарымыздағы апаттар саны азаяр еді.

КПО компаниясы Ақсай қаласы тұрғындарының жол қауіпсіздігін насихаттауды 2006 жылдан бастады. Бұл бағдарлама барша жұртшылыққа, бәрінен бұрын балаларға арналған.



Мұнайгаз кен орнының әкімшілік орталығы болып табылатын Ақсай қаласында балалардың сурет салудан байқау қорытындысы шығарылды. Оның негізгі тақырыбы – жүру ережесін біл және сақта. Мәселен, Ақсай қаласы №3 мектеп оқушысы Қансұлу Асқарова жүлдеге ие бола отырып, өз жұмысын «Екі жағыңа да қарап ал» деп атағанын айтты. «Мен бұл жерде әрбір бала

мектептерде үнемі өткізледі және болашақта да жалғаса беретін болады. Жол қауіпсіздігі мәселесі КПО-ның басты бағыттарының бірі. Біз балаларға арналған акциялар, мектептерде тақырыптық шаралар ұйымдастырамыз, осы тақырып бойынша Ақсай қаласында ақпараттық билбордтар орнаттық. Ақсайлық мектеп оқушыларының салған суреттерін осы билбордтарға пайдалануға шешім қабылдадық, биыл сурет